

егемен

Қазықаспан

Сиань сарбаздары

Алдыңғы күні «Хабар» арнасынан алаңдатарлықтай аңдатпа берілді. Арна үш сериялы «Қытай» деректі фильмін көрермен назарына ұсынбақ екен. Кеше фильмнің бірінші сериясы көрсетіліп те кетті. Әлемде ел көп. Бәрін де білген жақсы, бәрін де көрген жақсы, бірақ ол мүмкін емес. Әйтсе де, басқаны білмесек те, Қытайды білу керек. Әсіресе бізге. Қытаймен құдайы көршіге. Ресейдің қолтығына кіргелі бергі кейінгі үш ғасырдай уақытта Қытаймен қарым-қатынас соншалықты тағдыршешті болмады демесеңіз, біздің бабаларымыздың бабаларының бабалары осы елмен аралас-құралас өмір сүргені анық, ал біздің балаларымыздың балаларының балалары осы елмен аралас-құралас өмір сүретінін қазірден-ақ кесіп-пішіп айта алатынымыз тағы анық. Бұл ара Қытай Халық Республикасының әлемдік геосаясаттағы, жаһандық экономикадағы алар орнына тоқталып, үшінші мыңжылдықтың басында көршіміздің қай жағынан да ұлы державаға айналғанын айтып жататын жер емес. Қытайдың қандай ел екені, ең бастысы – таяу болашақта қандай ел болатыны бүгінде баршаға белгілі. Жақында Мәскеудің «АСТ» баспасы әлемдік саясаттанудың патриархы Збигнев Бжезинский мен АҚШ-тың екі бірдей президентінің (Джеральд Форд пен үлкен Буштың) ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі болған Brent Скоукфорттың сұхбаттасуына құрылған «Америка и мир: Беседы о будущем американской внешней политики» деген кітабын шығарды. Кітаптағы ең басты тақырып, аннотацияда айтылғанындай, «барған сайын күш алып бара жатқан Қытаймен қарым-қатынасты қалыптастырудың жайы».

Саясаттағы, экономикадағы алабөтен орнын былай қойғанда, Қытай – жері, елі, мәдениеті жағынан да ғажайып мемлекет. Олардың өз ғалымдарына айтқызсаңыз, Қытай өркениетінің тарихы бес мың жылдан асып жығылады, аңызға айналып кеткен арғы заманды ауызға алмайық, қағазға түсіп қатталған ғасырларды ғана қамтиық деп қазымырлана қалсаңыз да жазба деректерінің өзіне 3500 жылдан асқандығы сол сөзді мойындатпай қоймайды. Қытай жеріндегі ғажайыптардың бірі – Шэньси провинциясындағы (айтқандай, ол өңір Қытайдың қазіргі басшысы Си Цзиньпиннің туған жері) Сиань қаласы маңындағы Сары саз сарбаздары. «Терракотовая армия» дегенді осылай алуға болатын сияқты. Ықшамдау сөйлесек, «Сиань сарбаздары» деуге де келеді. Анықтамалықтарда «неглазурованные керамические изделия» деп түсіндірілетін «терракота» 31 томдық терминологиялық сөздіктің «Сәулет және құрылыс» томында «терракота» күйінде алынғанымен, қазақ оның итальян тіліндегі «terra cotta» – күйдірілген топырақ («обожженная земля») сөзінен шыққанын білмесе де, кәдімгі күйдірілген сары саз екенін жақсы біледі. Сары саз сарбаздарын көруді көптен көздегенмен соның бір сәті түспей қойған болатын. Президенттің ресми сапарларына ілесіп, бірнеше рет барғанда бағдарлама көбіне-көп ел экономикасының сипатын айқындайтын Бейжің, Шанхай, Гуанчжоу, Хайнань өңірлерімен танысуға құрылды, журналист ретінде

шақырған бірер жолы қытайлықтар өзімізге етенелеу Үрімші, Шәуешек, Құлжа жағын аралатуды қолай көрді. Ал Шэньси провинциясы ауқымы жағынан әлемде Ресей мен Канаданы ғана алдына салатын алып елдің дәл ортасында. Сөйтіп жүргенде, осыдан бір айдай бұрын Президент Кеңсесінің бастығы Махмұт Қасымбеков Аспанасты еліне барып қайтуға шақыра қалды. Елбасы еңбегінің ерен зерттеушісі ретінде есімі елге кеңінен танымал қайраткер, саяси ғылымдар докторы Махмұт Базарқұлұлының бұған дейін қазақ, орыс тілдерінде бірнеше рет басылған, түрік тілінде де жарық көріп үлгерген «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты тағылымды кітабы қытай тілінде шыққан екен. Кітаптың қандай шет елдің тілінде де жарияланғаны абырой, әйтсе де, ағылшын, қытай сияқты әлемдік тілдерге аударылуының қадір-қасиеті тіпті бөлекше. Бейжіңде сол кітаптың тұсаукесеріне қатысып, Қытай еліне белгілі тұлғалардың біздің Президент туралы айтқан тамаша сөздеріне мерейленіп, өзіміз ширек ғасырдан бері дос-жаран болып келе жатқан азаматтың еңбегі жанғанына қуанып, сапарымызға көңіл толып тұрған тұста Қазақстанның Қытайдағы Төтенше және өкілетті елшісі Нұрлан Ермекбаевқа Астанаға қайтар алдындағы ресми бағдарламадан бос күнде Сианьға барып келуімізді ұйымдастыру жөнінде өтініш айтқан болатынбыз. Ол өтінішіміз ықыласпен орындалды. Бейжіңнен таңғы алтыда ұшып шығып, күні бойы Сианьда болып, көздегеніміздің бәрін көріп, Қытай астанасына түнге қарай оралдық. Сонымен, біз бүгін «Әлемге әйгілі» авторлық айдарының аясында Қытайдың Сиань қаласы маңындағы керемет кешен – Сары саз сарбаздары туралы әңгімелейміз.

Сауытбек Абдрахманов.